

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты КММ-нің 2024 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға кандидаттарды іріктеу үшін конкурстық комиссия құрамы отырысының

№ 2 хаттамасы

2024 жыл 26 қаңтар

Қостанай қ.

Қатысушылар:

- Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна - мектеп директоры, комиссия төрайымы- семинар-кеңес отырысында болып қатыса алмады.
- Токтамысова Гүлмира Карасаевна – директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Қасыбаева Акерке Терекбаевна - комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- Сейтқожина Шолпан Курманғалиевна - комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы.
- Серикбаева Акмарал Нурбековна- директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- Айдархан Жазира Жукатаевна- «Озат» МАТМЛИ» КММ директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі- денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз болып қатыса алмады.
- Оралбай Жанат Өсербайқызы - комиссия хатшысы, кадр мәселелері жөніндегі инспектор;

КҮН ТӘРТІБІ:

2024 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға өтінімдерді қарау.

Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кадр мәселелері жөніндегі инспектор, комиссия хатшысы Оралбай Жанат Өсербайқызы тыңдалды:

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығының 3-тарауы 1-параграфы 96-тармағына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты КММ 2024 оқу жылына педагогтердің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына конкурс жарияланды.

Қазақ тілдерінде оқытатын сыныптарға:

- Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі -16 сағат, уақытша бос орын, негізгі қыметкердің босану және бала күту демалысы уақытына;

1. Қонақбаева Гүлім Сырбайқызы-7,5 балл

2. Байдильдина Рсалды Қайратқызы-7,5 тең балл алуына байланысты әңгімелесу өткізілді.

Әңгімелесу барысында мектеп-гимназия-интернаттың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Касыбаева конкурста қатысушы екі кандидатқа сұрақтарды қойды.

Пән бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарды қандай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырасыз?

Р.К.Байдильдина: Әділеттегі тиісті бағдарлама бойынша құрастырамыз.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша талдаудың мазмұнын сипаттап берсеңіз.

Р.К.Байдильдина: - БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың білім деңгейінің нәтижесін көрсетеді. Үлгі бойынша талдауларды жазамыз. Талдау арқылы тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесін, себептерін анықтаймыз.

Келесі сұрақты директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Г.К.Токтамысова қойды:

Пән мұғалімі ретінде қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланасыз?

Р.К.Байдильдина:- цифрлық технологияларды тиімді пайдаланамын.

Комиссия мүшелерінің кандидат Р.К. Байдильдинаға сұрақтары жоқ.

Әңгімелесуге екінші кандидат Г.С. Қонақбаева шақырылды.

Әңгімелесу барысында мектеп-гимназия-интернаттың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Касыбаева кандидатқа сұрақтарды қойды.

Пән бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарды қандай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырасыз?

Г.С. Қонақбаева - күнтізбелік -тақырыптық жоспарды оқулықтарға қарап құрастырамын.

Қысқа мерзімді жоспардың мазмұнын сипаттап берсеңіз.

Г.С. Қонақбаева - Қысқа мерзімді жоспардың мазмұнын сынып, пән атауы, тақырыбы деп қысқаша жауапты қайырды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша талдаудың мазмұнын сипаттап берсеңіз.

Г.С. Қонақбаева - БЖБ және ТЖБ талдауларын үлгі бойынша талдаймыз деді.

Келесі сұрақты директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Г.К.Токтамысова қойды:

Пән мұғалімі ретінде қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланасыз?

Г.С. Қонақбаева - «Kahoot!» т.с.с. тиімді пайдаланамын деп жауап берді.

Әңгімелесу нәтижесінде комиссия мүшелерінің дауыс беру барысында 3 дауыс Р.К.Байдильдинаға, 1 дауыс Г.С. Қонақбаева берілді.

Себебі: Р.К.Байдильдина мектеп педагогінің кәсіби күзіреттілік талаптарына сай жауап берді. Өз іс-тәжірибесінде сынып жетекшілік қызметін атқарған, жас ерекшеліктері әртүрлі білім алушылармен жұмыс жасағаны анықталды.

Конкурстық комиссия шешті:

Байдильдина Реалды Қайратқызы ағылшын тілі пәні мұғалімінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына конкурс бойынша 16 сағат жүктемесімен жұмысқа қабылданды;

Қонақбаева Гүлім Сырбайқызы - ағылшын тілі пәні мұғалімінің кадрлық резервіне қабылданды;

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарап болуына байланысты отырыс жабық деп жарияланады.

Комиссия төрайымы:

Келинбердиева Ы.С.

(Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:

Токтамысова Г.К.

(Т.А.Ә.)

Касыбаева А.Т.

(Т.А.Ә.)

Сейтқожина Ш.К.

(Т.А.Ә.)

Серикбаева А.Н.

(Т.А.Ә.)

Комиссия хатшысы:

Оралбай Ж.Ө.

(Т.А.Ә.)

